



ПРИОЗЁРСКИЙ

Вестник

18+

№ 18/714

07 мая 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН !

С ДНЁМ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ !

Құрметті

Ұлы Жеңіс ардагерлері, отандастар!


Ең салтанатты да қадірлі ұлы Жеңіс мерекесімен жылы және шын жүректен құттықтауымызды қабыл алыңыздар!

Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Сондықтан Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында сол жеңісті жақындатқан барша ардагер ағаларымыз бен аналарымыздың алдында бүгінгі ұрпақ атынан басымызды иіп, құрмет тұтамыз! Жеңіс мерекесі - Отанымыздың абыройы мен тәуелсіздігі үшін қанды ұрыстардағы ержүрек халқымыздың өшпес ерліктерін күллі әлемге паш еткен мереке.

Осы мерекеде Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, құт-береке, туғандарыңыз бен жақындарыңызға бақыт тілеймін! Аспанымыз ашық, бейбіт өміріміз баянды болсын!

Ізгі тілекпен

Қала әкімінің міндетін атқарушы
Мәслихат хатшысы



Д.Сәденов
Б.Сәрсембеков

Уважаемые ветераны Великой Победы, соотечественники !

Примите тёплые и сердечные поздравления с самым торжественным и почитаемым праздником – Великой Победы!

Великая Победа - это самый священный праздник, посвященный памяти о том великом подвиге старшего поколения. Поэтому в преддверии праздника Великой Победы мы отдаем дань уважения от имени сегодняшнего поколения всем ветеранам, которые приближали эту победу! Праздник Победы - это праздник, который показал всему миру бессмертный подвиг нашего храброго народа в кровопролитных боях за честь и независимость нашей Родины.

В этот праздник желаем Вам крепкого здоровья, долгих лет жизни, благополучия, счастья родным и близким!

Пусть небо будет чистым, мирным!

С уважением

Исполняющий обязанности акима города
Секретарь маслихата

Д. Сәденов
Б. Сәрсембеков

ГЕНЕРАЛДЫҢ ШАБАРМАНЫ БОЛҒАН

Соғыс, соғыс... Қандай суық сөз бұл! Сол сұрапыл жылдарда қанша азамат жер құшты, қанша бала әкесінен, қанша ана баласынан, қаншама үй тірегінен айырылды. Ауылдан сән, өмірден мән кетіп, сұрықсыз бір дүниеге айналды. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздесен қала мен елді мекендерді тып-тыпыл етті. Сөйтін соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайратының, бірлігінің дәлелі еді.

1941-жылдың 22-маусымында фашистік Германия әскері Кеңес Одағына тұтқиылдан, соғыс жарияламастан, опасыздықпен басып кірді. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысы, яғни Отанын шетел басқыншыларынан азат ету соғысы басталды. Осыған қарамастан шекаралардан, олардың қатарында Брест қорғаушылары алғашқы ұрыстың өзінде теңдесі жоқ ерлік көрсетті. Брест шекаралық отряды жауынгерлердің құрамында жаудың алғашқы соққысына А.Мүсірепов, К.Абдрахманов, К.Иманқұлов, А.Наганов, Ғ.Жұмағатов, Ш.Шолтыров, Т.Деревянко, Қ.Бағталов және басқа қазақстандық жауынгерлер қарсылық көрсетіп, айрықша ерлікпен көзге түсті. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ халқының азаматтары атақ-даңқын өшпестей қылып тарих бетінде қалдырды. Төлеген Тоқтаров, Нұркен Әбдіров, Ақан Құрманов, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сияқты ел аузында аттары жатталып қалған таңдаулы ер жүрек ағаларымыз бен әпкелерімізді қалай мақтанш етсек те жарасады. Әкелеріміз бен ағаларымыз осынау қан майданда басқа еуропалық ұлттар алдында өздерінің жанкештілік қаһармандығымен, өжеттілігімен, қайсарлығымен танылды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Майдан даласында елімізден аттанған 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүрсілкіндірді. Осы соғыс қаншама адамдардың өмірін қиды. Қаншама қалалар мен ауылдар күйреді, қанша мектептер мен кітапханалар өрттенді. Халық шаруашы-

лығына сансыз шығын келтіріп, талай боздақтың өмірін жалмады... Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 76 жылға аяқ басты. Соғыстың аяқталғанына көп уақыт болса да, сол қақұйлы соғыста елі мен жерін жаудан қорғап, ерлік көрсеткен жандардың есімдері елдің жадынан өшпек емес. Біздің бүгінгі әңгімемізге қазақтың шыққан тұңғыш генерал, Кеңес Одағының батыры Сабыр Рахымовтың дивизиясында майданның алғашқы күндерінен бастап ұрысқа қатысып, кейінірек генералдың жанына жақын жүретін шабарманы болған Ахмет Жүсіповтың майдандағы өмірарихы арқау болмақ.

Бізге немере туыс болып келетін Ахмет атамның отбасы біздің ауыл – Далақұдыққа мен ес біліп, етек жапқан кезде басқа ауылдан келді. Сол кезде балажігіт болып қалған Ерәли ағам және Қаламқас, Гүлзада, Марияш есімді апаларымыз болды. Киіз үйіміздің дәл түбіне үйлерін тіккен туыстас екі үйдің қарым-қатынасы бір шаңырақтың жандарындай еді. Ол кезде Ахмет атам елуді еңсерген кісі болатын. Тәпелтек бойлы, арықша келген, жеп-жеңіл қимылдайтын атамның қолындағы бірнеше саусақтарының жоқтығына таңырқай қарайтынбыз. Балажан әрі әзілқой ағамызбен әртүрлі ойындар ойнап, әңгіме, ертегісін тындаймыз. Сондай сәттердің бірінде атамнан сауақтарының неге жоқ екенін сұрағамыз. «Қасқыр тістеп алған...», - деп жүрегімізді бір ұшырып алған атам, бұл соғыс атты тажалдан қалған белгі екенін тәптіштеп түсіндіруге тырысқан еді. Бала көңіл сонда да адамдардың бірін-бірі өлтіретін соғыс деген сөздің мағынасына толық түсіне алмаған. Атам одан кейін соғыс жайында айтпайтын болды. Ахмет атамдардың отбасы кейінірек қошқар отарын бағып, қойлы ауылға көшіп кетті. Атаммен өткен көңілді күндеріміз сағы-нышқа айналып, біз қалдық. Мектепке барып, білімнен нәр ала бастағасын ғана «соғыс» сөзінің мағынасына тереңірек қанықтық. Жыл сайын келетін «Жеңіс күні» мерекесінде ағайымыз ауылдағы соғыс ардагерлерінің бірі – Ахмет атаммен кездесу өткізетін. Атамның батыр жауынгер екендігін мақтан тұтып, сыныптастарымыздың алдында бір марқайып қалатынымыз сонда. Майдангерлер айтатын естелік әңгімелер біз үшін ертегіден кем түспейтін. Себебі нағыз кейіпкер батырлар дәл көзалдында тұрады. Олардың соғыста

көрсеткен ерліктері туралы сан ойлардың құшағына шомып, қиялға батып кете барасын...

Ұмытпасам, 1979-жылғы мамыр айының басында ауылымызда ғажап жаңалық-хабар «ғу» ете қалды. «Генерал Сабыр Рахымовтың жұбайы болған Құралай деген әйел Ахмет ақсақалды арнайы іздеп келіп, Өгізде жатыр дейді. Соған Ахметті шақыртып жатыр екен...». бұл жаңалық бізді де бейжай қалдырмады, әрине. Атаңды атақты адамның жұбайы әдейі іздеп келіп жатса, атамның да тегін адам болмағаны ғой. «Бұл жайлы Ахмет атам бізге неге айтпаған?...», - деген ойлар да қамалайды. Сонымен, артынып-тартынған ағамыз совхоз орталығына барып, іздеп келген Құралай Натуллаева атты әйелмен жолығады... Енді оқиғаны кейінгі жылдарға бұрайық... «1915-жылы дүниеге келген (құжат бойынша 1917-жыл) Ахмет Жүсіпов соғыс басталғаннан кейін Тамды ауданынан алғашқы шақырылғандардың қатарында майданға аттанады. Қысқа әскери дайындықтан кейін Ресейдің Иваново қаласы маңындағы майданда ұрысқа кіреді. Неміс басқыншыларының алғашқы қарқыны қатты еді. Қолына шопан таяғынан өзге қару алып көрмеген ауыл баласы «үш күннен соң тозаққа да үйренесін», демекші, «өзің өлмеу үшін, жауды сен өлтіруге тиіссің», деген сол кездегі соғыс қағидасына ұстануға мәжбүр еді. Ол кезде Сабыр Рахымов генерал емес, қатардағы командирлердің бірі болатын. Ахмет атамдар сол кісінің қоластында соғысқан...

Соғыс кезінде уақыттың қалай өтіп жатқаны майдангерлерге тым белгісіз болады екен. Бірнеше рет жеңіл жарақат алып, майдан даласынан ұзамаған А.Жүсіпов 1943-жылы алғашқы ауыр жарақатын алады. Дала госпиталында атамды қазақ өңді келіншек емдепті. Соғыстағы қатынас тілі біреу, ол – орыс тілі. Ауыр жарақаттан есін жиганда әлгі қазаққа ұқсайтын дәрігер келіншек Ахмет атамның қасына келіп қазақша: «Қазақсың ба?», - деп сұрапты. Атам өзінің қазақ екенін, Өзбекстанның Тамды ауданынан келгенін, отбасы жайлы тәптіштеп баяндап береді. «Өзің біртұтам ғана екенсің, мына түріңмен осынша уақыттан бері соғысып жүргеніңе қайранмын. Отбасың болса, сенің өлуге қақың жоқ, өмір сүруге тиіссің...», - деген дәрігер келіншек сыртқа шығып кетеді. Бұл – сол



кезде генерал шеніндегі дивизия командирі, атақты «темір генерал» Сабыр Рахымовтың жұбайы, дәрігер Құралай Натуллаева болатын. Атамның жағдайын генерал күйеуіне баяндап берген Құралай апамыз Ахмет атамды өзіне шабарман етіп алуды өтінеді. Осылайша атам тікелей майданнан гөрі сәл тысытағы, қауіпсіздеу аймақ – генерал штабының шабарманы болып қызметке алынады. Әуелі Құдайдың қалауымен, сосын Құралай Натуллаевтың көмегімен генералдың маңында қызмет еткен Ахмет атамның бойының кішкентай-лығы, жылдамдығы мен ептілігі осы қызметті тиянақты атқаруына сеп болады. «Қырық жыл қырған болса да, ажалды өледі», - дегендей, қатардағы жауынгер Ахмет Жүсіпов соғыс біткенше өзіне тапсырылған міндеттерді мүлтіксіз атқарып, көзге түседі, орден, медальдармен марапатталады. Жеңіс күні жақындағанда генерал Сабыр Рахымов қаза болады. Беларуссияның Витебск майданында жеңіс күнін күтіп алған Ахмет атам, соғыс аяқталғасын да сол кездегі қираған халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру науқанына қатысып, туған жерге 1946-жылы ғана оралған. Соғыстан келгесін аз күн тыныққан атам еңбекке араласып кете барған. Ардақты ардагер, ауыл ақсақалы болып ғұмыр кешкен А.Жүсіпов ұл-қызынан немерелерін сүйіп, бейбіт өмірдің қызығын көріп, жасы ұлғайған шағында дүниеден өтті.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.

Суретте: майдангер А.Жүсіпов.



9-мамыр Ұлы Жеңіс күні!

Ұмыт болған, ұмыт қалған жоқ ешкім,
Ешбір адам ұмытпайтын мәңгі есім.
Ұрпақ үшін тозбайтұғын, бітпейтін,
Ардагерлер – естелігі соғыстың...

Соғыс атты суық сөздің аты өшіп, бейбіт өмір кешіп отырғанымызға 76 жыл толады. Ел басына күн туып, етігімен қан кешкен сол бір сұрапыл жылдарда мыңдаған қазақстандық майданға кеудесін от пен оққа төсеп, Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғады. Қаншама боздақ азаттық үшін жандарын пиде етті. Өмір мен өлім белдескен алапат айқаста халқымыздың Отанға қажымас қайраты мен жарасты ынтымағының арқасында Ұлы Жеңіс келді. Осыдан 76 жыл бұрын, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, ең жойқын соғысы Ұлы Отан соғысы аяқталды. Екінші дүниежүзілік соғысқа, біз үшін Ұлы Отан соғысына 6 материктің сол кездегі әлемнің дербес алпыстан астам елі қатысқан болатын. Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен және қайрат-күштерімен кешегі жігіттер, бүгінгі өнегелі атала-

рымыздың арқасында 1945-жылдың 9-мамыры күні Ұлы мейрам – жаудың жеңіліп, соғысты жеңіспен аяқтады.

Майданда жауға атылған әр он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Белі бүгілген қария, жас ана, қартаң әйел, буыны бекімеген балаға шейін, бәрі де тылда өлшеусіз еңбек етті. Олар мал бақты, шөп шапты, жер жыртты, егін салды, көмір қазды, мұнай өндірді, қару-жарақ жасады, азық-түлік шығарды. Халқымыз майдан қамын ойлап, Жеңісті жақындату үшін аянбады. 1941-жылы Алматыда 316-атқыштар дивизиясы жасақталып, Мәскеу қаласын қорғауда өшпес даңққа бөленді. Ал, қазақ ақын-жазушылардың көбісі өз еріктерімен майданға аттанып, жауға қарсы қарумен де, қаламмен де күресті. Қаламгерлердің отты өлең-жырлары, байыпты мақалалары, әңгімелері жауынгерлердің бойына намыс пен жігер, қажыр мен қайрат, табандылық пен ерлік рухын дарыта алды. Жамбыл бабамыздың жалынды жырлары, Қасым ақынның өршіл өлеңдері, Б. Бұлқышевтің жігерлі сөздері,

«Тізе бүгіп тірі жүргеннен, қайрат көрсетіп өлген артық» - деген сияқты Б.Момышұлының намысқа толы нақылдары халықты бағырлыққа бастап ертең-ақ жетер азат күнге деген сенімін жоғалтпауға көмектесті.

Мен және менің замандастарым соғыс туралы үлкен ата-әжелеріміздің әңгімелері және кинофильмдер арқылы ғана біліп өстік. Алайда, соғыстың адамзат баласы үшін өте қасіретті, ауыр жағдай екенін жақсы түсінеміз. Қазіргі кезде Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қатары сиреп, саусақпен санарлық қана жандар қалды қатарымызда. Тыл ардагерлері де азайып келеді. Соғыстың естелігі болып қалған осынау асыл сүйекті жандарды біздің толқын қалай құрметтесе де, ардақтаса да азық етеді. Оларға қолдан келер барлық көмек пен жағдайды жасау үкіметтің, құзіретті органдардың хәм жалпы халықтың міндеті, парызы және қарызы болуы тиіс. Өзіміз тұратын Приозерск қаласында да санаулы соғыс жә-не тыл ардагерлері бар.

Олардың алдының жасы тоқсаннан асып кетті. Қазыналы қарттарға өзін барып сәлем бермесен, көптің алдына шығып, кездесулер өткізуге олардың мүмкіндігі жоқ. Өткен жылғы Жеңістің 75 жылдық мерейтойына арналып естелік кітап шығарылғанынан хабарымыз бар, оқып та шықтық. Алдағы уақытта жас ұрпақ үшін сондай жазбалар ғана естелік болып қалады. **Ардагерлерімізді және қала тұрғындарын Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтаймын!**

Қарт жауынгерлерді құрметтейік, ардақтайық, ағайын! «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран» деп халқымыз бекер айтпаған.

Ерлан Бакиров,
мемлекеттік архивтің архившісі.



ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті қала тұрғындары және Отан қорғаушылар!

Сіздерді 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметке айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз.

Еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, мол бақыт және бейбіт ғұмыр тілейміз!

Құрметпен

Қала әкімінің міндетін атқарушы
Мәслихат хатшысы

Д.Сәденов
Б.Сәрсембеков



С ДНЁМ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА!

Уважаемые жители города и защитники Отечества!

От всей души поздравляем вас с праздником 7 мая - Днем защитника Отечества!

Мы всегда гордимся тем, что старшее поколение и молодое поколение отстаивали нашу Родину и внесли весомый вклад в службу. Желаем успехов в добрых начинаниях, благополучия вашим семьям, здоровья, счастья и мирной жизни во имя процветания нашей страны!

С уважением

Исполняющий обязанности
акима города
Секретарь маслихата

Д. Сәденов
Б. Сәрсембеков

ҚАЗАҚ САРБАЗЫ – ОТАННЫҢ АЙБАРЫ



Қазақстан тәуелсіздік табалдырығын аттағанына, міне отыз жыл толды. Қазақстан осы жылдарда – әлемдік қауымдастықтың белді мүшелерінің қатарынан табылды. ТМД елдері ішінен бірінші болып ЕҚЫҰ-на төрағалық ету абыройына ие болды. Еуропалық және Азиялық саяси оқиғалардың түйіткіл мәселелерін шешуге белсене араласып, биік белестерден көріне білді. Сонау 1991-жылдан бері, біз Елтаңбамызды бекітіп, арғы-бергімізді түгендеп түйіп, Алтай мен Атырау арасын тұтастырған шекарамызды шегендеп, Сарыарқа төсінен айбарлы Елордамыздың іргесін көтеріп, еңсесін тіктедік. Осы отыз жыл қазақ әскері мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне де ықпалын тигізгені анық. Себебі қазір Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне үлкен жауапкершілік міндеттелуде. Менің ойымша Отанымызды қорғаушы – Қазақстан Республикасының бүкіл халқының ісі. Отан Қорғау әрбір азаматтың міндеті. Себебі Отан бәрімізге ортақ.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әрбір егемен елдің, оның ішінде Қазақстанның да басты мақсаты екендігін ұмытпағанымыз жөн. Жалпы алаңда ұлттық қауіпсіздік дегеніміз – аумақтың тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын

қамтамасыз ету. Отанға деген сүйіспеншілік, еліміздің қауіпсіздігі мен гүлденуіне апаратын жалғыз жол. Кеңестер Одағы тараған соң, орта оқу орындарынан алғашқы әскери дайындықты алып тастау – жастарға патриоттық тәрбие беру, оларды армия қатарында қызмет етуге дайындау ісіне едәуір зиянын тигізді. Ал қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996-жылдың 1-қарашасындағы «Алғашқы әскери дайындық» туралы қаулысына сәйкес, еліміздің барлық орта білім беретін оқу орындарында арнайы сабақтар жүргізілуде. Әскери қызмет, бұл азаматтың нағыз патриот, ел қорғаны болу жолындағы алғашқы мектебі болып табылады. Әскерде Отан алдындағы борышын өтеп жүрген әр қазақ баласы, өзінің нағыз азамат екенін сезінеді. Себебі Отан алдындағы борышын өтеу, әр азаматтың міндеті. Кешегі күнге көз тастасақ, жаппай аштыққа ұшырау, қазақтардың өз тарихи Отанынан көшіп кетуіне ықпал еткен сталиндік ұжымдастыру шаралары қасіретті із қалдырған болатын. Осындай қасіреттің болғанына қарамастан, қазақ елі қаймықпай дәл бүгінгі күнге жетті. Осы орайда, біз әлемнің барлық ресми тұрғыда танылған ядролық державаларының Қазақстанға бірлескен және жан-жақты қауіпсіздік кепілдіктерін беруіне қол жеткіздік. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады.

Патриотизм – адамдардың өз Отанына деген сүйіспеншілігі мен адалдығын көр-

сететін сезім. Ол адамның өз Отанын күшті де айбынды етіп, гүлдендіруге ұмтылуымен сипатталады, қандай да бір қастандық әрекеттерден Отанын қорғауға дайы болуын білдіреді. Патриотизм сезімі – өз халқының әлеуметтік, мәдени жеңістері үшін мақтану, оның жауынгерлік және еңбек дәстүрлеріне ұқыптылықпен қарау. Патриотизм, сондай-ақ туған жерге, ата-бабасы жатқан жерге құштарлық сияқты терең перзенттік махаббатты да білдіреді. Қазіргі жағдай да Республиканың әр азаматы Отанның қауіпсіздігі, Қазақстан халқының бақыты мен гүлденуі оның қорғаныс қуатының күшеюіне, біздің әскери ұйымның нығаюына байланысты екенін түсінуінің маңызы зор. Қазақстанның қазіргі армиясы толық технологиямен қамтамасыз етілген. Болашаққа көз жібертсек қазақ әскері темірдей берік, айбынды әскерге айналуға. Отан – бәрімізге ортақ. Отан деген – қазағымның қара шаңырағы. Отанға деген сүйіспеншілік, махаббат бәріне де ыстық.

Біздің Приозерск қаласында бүгінгі таңда бес әскери бөлім, оларға қызмет ететін аудандық пайдалану бөлімі және әскери полиция қызмет етеді. Аталған бөлімдерде қала тұрғындары, жігіттер мен әйел-қыздар қыздар қызмет жасап, өздерінің отбасыларын асырап отыр. Сондықтан олар бізге де бөтен емес. Қаладағы мәдени-көпшілік шараларға қатысып, қала тұрғындарымен бірге тыныс-тіршілік жасауда. Қазақ сарбаздарының кәсіби мерекесіне орай оларды

құттықтай отырып, төмендегі жырымды сыйлаймын. Төл мерекелеріңмен, қазақтың сарбазы – Отанның айбары, сайыпқырандар!

САРБАЗЫ ҚАЗАҚТЫҢ

Алға бас адымдап,
Сарбазы қазақтың,
Жайнай түс жалындап,
Жолында азат күн.

Халқымның ұланы,
Азаттық – ұраны.
Елімді, жерімді,
Қорғайтын қыраны.

Жігерлі жас ұлан,
Халқымның қорғаны.
Бойда қан тасыған,
Тыныштық арманы.

Сәуле бер Күн болып,
Елімнің көгінде.
Сақшы бол түн қорып,
Жерімнің шебінде.

Сен сарбаз атандың,
Антыңды орында.
Тәуелсіз Отанның,
Тағдыры қолыңда!

Нұрғали
ҚАРАБЕКТЕГІ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ - БАРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ БОРЫШЫ

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты - іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де аз емес. Ол - әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – жемқорлық.

Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен күресу мақсатында, Қазақстан Республикасы Қару-

лы Күштерінің әскери қызметшілерінің арасында да алдын алу іс-шаралары ұдайы түрде жүргізіліп жатыр. Осы күрделі мәселенің шешімін табу жұмысына Приозерск гарнизонының әскери бөлімдері мен мекемелеріде ат салысуда. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің 2020 жылғы 30 маусымындағы № 302 «ҚР ҚК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссиялардың (сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссиялардың)

қызметін ұйымдастыру жөніндегі регламентін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Приозерск гарнизонында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы комиссиясы құрылған.

Аталған комиссияның басты мақсаты: барлық санаттағы әскери қызметшілер мен ҚР ҚК қызметкерлеріне (азаматтық персоналдар) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар, яғни «Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалу, билікті не қызметтік

Ғасыр дертімен күрес

өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау» секілді қылмыстардың барлығы жататынын түсіндіріп, осы аталған қылмыстар үшін қолданылатын жазалар түрлерін жеткізу және гарнизонда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында профилактикалық іс-шаралар өткізу.

Наждадин Мухамед,
Приозерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі) офицері,
әділет аға лейтенанты



Год 30-летия нашей Независимости, на мой взгляд, - время осмысления в пути. В нашем молодом суверенном Казахстане мы все в беспрестанном движении. Но самым главным считаем движение мысли.

Нет сомнения - мы должны прирастать экономикой, новыми производствами, ростом занятости. С этим не поспоришь, и, более того, надо всемерно способствовать опережающему развитию экономики региона. Однако мне прежде всего импонирует сегодняшняя кипучая энергия мышления, которая так характерна для общественной жизни республики, для всех институтов развития страны. Средоточием этой энергии является сегодня Ассамблея народа Казахстана. Она концентрирует наиболее яркие идеи, апробирует новые подходы к философскому осмыслению бытия нации. Не случайно председатель АНК Нурсултан Назарбаев впервые озвучил призыв к воплощению мечты казахов о «Мәңгілік ел» именно на сессии ассамблеи.

В год тридцатилетия независимого Казахстана мы с особым вниманием вчитываемся в страницы истории Великой степи, чувствуем дыхание времени, консо-

ФЕНОМЕН ВРЕМЕНИ

лидуем свои силы вокруг созидательной идеи дружбы и согласия. Нам выпал замечательный шанс преобразования и сохранения. Преобразования общественных отношений, основанного на взаимоуважении и понимании языка и культурных традиций друг друга и сохранении самобытности нашего казахского образа мыслей и чувств. Благодаря реализованному общественно-политическому проекту толерантности Нурсултана Назарбаева произошло сближение ментальностей этносов страны, углубилось взаимопроникновение культурных контекстов, и мы все в большей степени стали ощущать свою кровную связь с казахским народом. Для всех этносов Казахстана «казахское» становится родовым признаком гражданской идентичности.

Несколько лет назад мне довелось на страницах газеты «Егемен Қазақстан» высказать мысль о том, что толерантность уже завоевала умы и теперь должна найти путь к сердцу каждого члена общества. Полагаю, что этот путь завоевывает все больше и больше сторонников. Говорю это с уверенностью, на которую дают право пример Ассамблеи народа Казахстана и вся деятельность этнокультурных объединений области.

В канун прекрасного праздника - Дня единства народа Казахстана - особенно важно сказать о вечной ценности нашей

дружбы, нашего единого движения к заветным целям. Об этом надеюсь услышать яркие выступления представителей АНК на сессии, которая в конце апреля откроется в столице. Каждая сессия ассамблеи - не дежурное мероприятие. Мы собираемся обсудить актуальные вопросы, найти ответы на вызовы времени.

Когда задумываешься над феноменом времени в нашей стране, не можешь не отметить, как стремительно оно меняет то, что было привычно и незбылемо, и как перемены эти предвидены и прочувствованы нашим Первым Президентом. На заре становления новой истории страны Нурсултан Абишевич предложил тот единственно правильный путь, который бережно сохранил традиции этносов республики и дал мощный импульс воплощению идеи общего дома для всех живущих на древней земле Казахстана. Идея эта стала животворным источником дружбы и единства. Она победила время.

Подтверждение этого тезиса - высокий авторитет этнокультурных объединений области, нашей областной АНК. В трудные и радостные времена мы всегда вместе. Тяжелый период пандемии мы переживаем в сплоченной семье, помогая и поддерживая друг друга, внося собственный вклад в борьбу с опасной инфекцией. Не могу не упомянуть благотворительные акции друзей: филиал Ассоциации корейцев во главе

с Л.Ким организовал обеды для сотрудников инфекционного госпиталя Медицинского университета, снабдил большим количеством антисептических моющих средств персонал клиники; В.Тварионас вместе с членами литовского объединения передал в дар многим учреждениям сотни наборов средств индивидуальной защиты. Это лишь единичные примеры, а перечисление многих других актов и акций, принимаемых нашими гражданами, активно участвующими в деятельности АНК, займет не одну страницу газетного текста.

Ежедневно мы работаем, совершаем достойные поступки, размышляем над проблемами, пытаемся найти оптимальные решения, соединяя свои усилия в направлении взаимопонимания, воспитываем уважение к традициям многонациональной культуры Казахстана.

В преддверии Дня единства народа Казахстана хочу еще раз подчеркнуть, что единство стало одной из главнейших ценностей нашей жизни и будет ею впредь. Верю, что мы реализуем предоставленный историей уникальный шанс сохранения и упрочения единой многонациональной семьи, живущей под общим шаныраком в нашем доме, имя которому - Казахстан.

Вилен МОЛОТОВ-ЛУЧАНСКИЙ,
председатель Карагандинского центра еврейской культуры, член АНК

КАКИЕ САМЫЕ ДОРОГИЕ ПРОИЗВОДСТВА ОТКРЫЛИ В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В Карагандинской области за годы независимости запустили топ-8 крупных производств общей стоимостью 186 млрд тенге. Об этом LS рассказали в региональном акимате.

Новые проекты за 186,3 млрд тенге заработали в горно-металлургической, химической промышленности, машиностроении. За счет их старта работой обеспечили 1,4 тыс. человек.

Самое дорогое производство открыли в Каркаралинском районе. В 2010-2016 годы был реализован проект за 63,13 млрд тенге на базе месторождения Коктасжал. Так, в 2016 году был дан старт горно-обогатительному комплексу мощностью 3 млн тонн руды в год.

Далее следует производство ферросилиция в Караганде, запуск которого обошелся в 32,06 млрд тенге. Мощность завода составляет 96 тыс. тонн в год.

Третий крупный проект, реализованный в регионе за годы независимости, был запущен Темиртау. Стоимость - 27,5 млрд тенге. Отметим, что вторая воздухооделительная установка (ВРУ) была запущена совместно с немецкой компанией.

В Сарани в 2020 году дали старт первому этапу проекту за 22,1 млрд тенге. Он был реализован на территории бывшего завода резинотехнических изделий. В городе начали собирать автобусы, карьерную,

строительную и дорожную технику. Мощность завода составляет 1,5 тыс. единиц техники в год. На предприятии трудоустроено 400 человек. Отметим, что на предприятии предусмотрен запуск нескольких циклов производства: сварка, окраска, выпуск компонентов, исследовательский центр, а также трек для испытания и проверки техники.



Закрывает топ-5 завод по выпуску катодной меди за 14,05 млрд тенге. Предприятие открыли в Шетском районе в 2018 году. Мощность - 6 тыс. тонн продукции в год.

В Актогайском районе увеличили производительность золотоизвлекательной фабрики на месторождении Пустынное. Реализация этого проекта обошлась в 12,1 млрд тенге.

Еще одним значимым проектом для

региона является модернизация литейного производства и строительство обогатительной фабрики с выставочно-офисным многофункциональным комплексом. Его открытие состоялось в 2020 году, стоимость - 12 млрд тенге. Мощность производства составляет 60 тыс. тонн литейной продукции, 560 тыс. тонн угольного концентрата, 60 тыс. тонн каменноугольного кокса.

Закрывает топ-8 проектов производство черных и цветных металлов, углеводородов за 3,4 млрд тенге. На предприятии выпускают синтез газа (2,1 тыс. тонн в год), печное топливо (16 тыс. тонн в год). Проект был реализован на территории СЭЗ в Бухар-Жырауском районе.

Между тем глава региона Женис Касымбек на своей странице в Facebook сообщил, что за годы Независимости в область были привлечены около 6 трлн тенге инвестиций. По его данным, это более 130 крупных и средних предприятий, в том числе с иностранным участием. Также Касымбек напомнил и о производствах, которые закрылись за эти годы.

"Часто в качестве примера и укора вспоминают производство сельскохозяйственных самолетов "КазАвиаСпектр". Или завод стальных панельных радиаторов Kaztherm, который проработал около четырех лет. В прошлом году закрылся кремниевый завод Tau-Ken Temir. Но сейчас

ведутся переговоры с двумя потенциальными инвесторами, чтобы на базе имеющихся мощностей запустить сталеплавильное и ферросплавное производство", - добавил глава региона.

Кроме того, Касымбек анонсировал открытие трех новых производств в области. По его словам, в скором времени запустят обогатительную фабрику в Жайреме, ферросплавный завод и агломерационную фабрику в Караганде, мелкоузловую сборку на автобусном производстве в Сарани.

Ранее сообщалось, что в 2021 году планируется запуск 14 новых производств с созданием 2,6 тыс. рабочих мест. По информации акима области, запланирован объем инвестиций на более 700 млрд тенге. Новые проекты будут реализованы горно-металлургической, химической промышленности, агропромышленном комплексе. Между тем в регионе в 2020 году запустили производства почти на 203 млрд тенге. В начале 2021 сообщалось, что в регионе сформирован пул из 50 новых крупных инвестиционных проектов на сумму около 2 трлн тенге. Планируется, что будет создано 12,2 тыс. рабочих мест.

Источник: <https://lsm.kz/>



ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУ БҰЛАҒЫ – ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Дүниеге жаңадан келген сәбидің еститіні – анасының үні, көретіні – ата-анасының бір-біріне деген қарым-қатынасы, сондықтан баланың ер жетіп, қалыптасуында отбасының орны ерекше. Ата мен әженің «айналайынынан» нәр алып, әке мен ананың мейіріміне бөленіп жетілген баланың көрегенді, иманды, көпшіл болып өсетіні анық. Бабаларымыз «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп текке айтпаған, ананың сүтімен, әкенің қанымен бойға сіңген қасиет баланың алдағы өмірінің бағдаршамындай болады.

Отбасы – ұлттық дәстүрлі құндылықтардың бастауы. Отбасының тірегі – әке болса, берекесі – ана. Бала кішкентай кезінен көргені мен естігенін жадында сақтап қалады. «Не ексең, соны орасың» демеқші, ата-ана өзінің әрбір әрекеті мен сөзіне мән берген.

Әрбір қазақ әйелінің міндеті – ғасырлар, ұрпақтар мен дәстүрлер арасына алтын көпір бола білу. Өз аналарынан үйренгенін балаларына, немерелеріне үйретіп сабақтастыра білу керек. Парасат пайымы кең, көкірек көзі ашық аналардың ақ сүтімен бойға дарыған, «айналайынымен» санаға сіңген ақыл-кеңес-

тері өмірдің кез-келген қиындықтарынан сүріндірмей, тек алға жетелейді. Ананың «...сендер менің атар таңым, қызығым да, жемісім де», – деген үмігін арқалаған ұрпақтың жаман ойы болуы мүмкін емес. «Жұрт сендерге қарап, мына бізге баға береді», – деген сөздері үлкен жауапкершілік пен сенімді ақтауға ұмтылдырды.

Қоғамның бақыты – әйелдің бақытымен сабақтасып жатыр. Әйелге жағдай жасалмаған қоғамның болашағы – бұлыңғыр, өйткені әйел-анасыз тәрбие ақсайды. Ал, тәрбие ақса, дұрыс ұрпақ қалыптаспайды. Болашағының кемел болғанын қалаған ел, ең бірінші кезекте, әйел-ананың жағдайына назар аудару керек. Ана мейірімін ешқандай балабақша, мектеп те бермейді.

«Өнегелі ұрпақ тәрбиелегің келсе, қыздарыңды тәрбиеле» деген сөз текке айтылмаса керек. Өйткені бүгінгі – жас ару, ертеңгі – ана. Олар жақсы болса, бір әулеттің мерейінің асқаны, ал жаман болса – қасіреті.

Барлығы отбасынан басталады деп жатамыз. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дегенде мақал ойға оралады. Жерді, Отанды,

ұлтты сүюді, қадірлеуді бала отбасынан үйренеді. «Ерін сыйлаған есікте қалмайды» деген қағиданы ұстанған аналар дәстүр сабақтастығын үзбей, ер-азаматтың орны қашан да жоғарыда екенін, тамақтың да алды отағасына құйылатынын, сөзді де отағасы бастау керектігін т.б. осындай сырт қарағанда елеусіз көрінгенмен, әке беделін арттыра түсетін әрекеттерді санаға сіңіре білді. Отбасында әкені асқақтату арқылы ер-азаматтың балалары алдындағы абыройын арттырған, әкені піртұтқан.

Бабаларымыз өнегелі дәстүрлі қалыптастыру үшін әдеп заңдары мен дәстүрлі құндылықтарға аса мән берді. Оларды қадағалап, қастерлеп, сақтап, жалғастыра білді. Соның нәтижесінде ар-ұяты терең, рухы мықты, намысы биік ұрпақ өсті, ел болды. Біз ұлттық дәстүрлерімізді дәріптеу арқылы елдігімізді одан әрі нығайта түсеміз. Сондықтан келер ұрпаққа осы дәстүрлерді аманаттауды мақсат етуіміз қажет. Кең байтақ иен даланың болашақ ұлтжанды иелерін тәрбиелеу, кезек күттірмейтін мәселеге ел, қоғам, отбасы болып жұмылу керек, әйтпесе ертең

Тәрбие басы – тал бесік

кеш болуы ғажап емес.

Отбасылық құндылықтар – қоғамдағы құндылықтардың ең қайнар көзі. Шағын мемлекеттегі тәрбие оналмай, үлкен мемлекеттердің, қоғамның реттелмейтіні анық. Иманды, ибалы, парасатты ұрпақ, міне нағыз байлық осы. Иманды ұрпақ – тәрбиелі, нәсіпге бой алдырмайтын, кез келген дүниеге еріп кетпейтін, барға шүкіршілік ететін ұрпақ. Әрбір отбасы имандылыққа жүгінсе, барлығы аңсайтын, жылылық пен мейірім тұнып тұратын, қиын-қыстау кезде де әйелі азаматын сыйлайтын, құрметтейтін отбасылар көбейетініне сенімдіміз. Қасиетті Құран Кәрімде жәннәт анаңның табанының астында деген секілді хадистер көп. Ал байлықтың баянды болуы үшін, парыз бен қарыздың, дәстүрдің, адалдық пен арамдықтың салмағын білетін бала тәрбиелеу керек. Сонда ғана біз ынтымақты, ырысты ел бола аламыз.

Әділқожа Сейтқали,
«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
бiн маманы



ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ – ҰЛЫ МАҚСАТҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» - дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру - бүгінгі күннің талабы.

Тілдің адам өміріндегі ең шешуші рөл атқаратыны әркімге де мәлім. Ол танудың, түсінудің, дамудың құралы. Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым – қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Қазіргі кезде еліміздің шетелдермен халықаралық байланыстары күннен - күнге арта түсуде.

«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім

біл»- деген даналық сөз бар.

Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасымен сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген бала, қоғамның кез келген саласында қиналмай жұмыс істей алады.

Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымыдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығара алмаймыз.

Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһандандудың кепілі. «Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек».

«Бір тіл білсең – бір адамсың, екі тіл білсең – екі адамсың». Көп тілді меңгергеннің білімі мен дүниетанымы да кеңейе түсетіні рас. Тарихтан белгілі ғұламалардың өзі мұны сол заманның өзінде қолға алып, келер ұрпаққа ой тастаған. Мәселен ғұлама

Білімді ұрпақ – ел болашағы

Әбу Насыр Әл-Фараби жетпіске жуық тіл білгені тарихта белгілі. Өйткені, ғылым мен білімнің дамуы да тілді үйренумен байланысты.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» - ақын Қадір Мырза Әлінің сөзі. Алдымен, ана тіліне деген үлкен құрметтің қалыптасуы маңызды. Өз тілінді сыйламау түп-тамырынды білмей, басқаны бағындырамыз – бекершілік.

Қазақ тілін осы елдің жерін басып жүрген тұрғындардың бәріне білу міндетті. Үштұғырлы тілдің негізгі тұғырында туған тіл тұруы тиіс.

А.З. Зайнуллаева,
Приозерск қаласы «Балақай»
бөбекжайының тәрбиешісі

Басты назарда алдын алу

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР



Приозерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің әкімшілік тәжірибе офицері 2021 жылдың сәуір айында Приозерск гарнизоны әскери бөлімдері мен мекемелерінің «Барлық санаттағы әскери қызметшілердің арасында әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында» профилактикалық рейдтік іс-шара жүргізді.

Аталған рейдтік іс-шара барысында әскери қызметшілерге әкімшілік құқық

бұзушылыққа қатысты «Ескертпе парақтары» таратылды. Сонымен қатар, №№ 06708, 44841, 60601 және 18405 әскери бөлімдердің әскери қызметшілері тоқтатылып, әрбір әскери қызметшімен әкімшілік құқықбұзушылық тақырыбында жеке сұхбат өткізілді.

Іс-шара барысында әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің талаптары және әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін заңда көрсетілген жауапкершіліктердің түрлері түсіндірілді. Сонымен қатар, барлық санаттағы әскери қызметшілерді тәртіпке және құқық бұзушылықпен бірге күресуге шақырды.

Наждадин Мухамед,
Приозерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің әкімшілік тәжірибе офицерінің міндетін уақытша атқарушы,
аділет аға лейтенанты

Современный урок

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЗАДАНИЙ, ОРИЕНТИРОВАННЫХ НА РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ ФИЗИКИ

Данная проблема актуальна и на уроках физики требует от учителя перестройки в своей профессиональной деятельности. На сегодняшний день главным функциональным качеством являются инициативность, способность творчески мыслить и находить нестандартные решения, умения самообразовываться и обучаться в течение всей жизни.

дуальных особенностей учащихся, мотивации, познавательного интереса, формирование личностных качеств учеников.

В 7 классе изучая темы «плотность», «силы в природе» я провожу работу индивидуальную, которая развивает у детей креативное мышление:

На уроке ученик является исследователем и аналитиком, творцом и соискате-

<p>Ответ</p> <p>ТЬ</p>	<p>Ответ</p> <p>,,, Ъ ,, Д М</p>
<p>К С</p>	<p>Из физических величин, полученных в ребусах, составьте формулу и впишите в нижний прямоугольник</p> <div style="border: 1px solid black; height: 20px; width: 100%;"></div>

К основным принципам обучения я на своих уроках отношу: научность, системность, связь теории с практикой, доступность, наглядность, сознательность, дифференцирование заданий, профессиональная направленность и умения брать ответственность на себя и другие. На своих уроках, я подбираю содержание материала, который ориентирован на развитие индиви-

лем. В результате учащиеся продвигаются по пути познания себя, лучше понимают природу и свои возможности, они становятся более самостоятельными в деятельности по приобретению знаний, наблюдается интеллектуальный рост.

Машрапова А.А.,
КГУ «Общеобразовательная школа №2 г. Приозерск», учитель физики

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

МҚҰ «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» МҒО

ЭВЕРЕСТ Финанс ТӨМЕН % СТАВКАЛАР
НИЗКИЕ % СТАВКИ

до 1 000 000 ТҒ ДЕЙІН

МИКРОКРЕДИТТЕР

✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін)
және жұмыс істейді
✓ кепілсіз ✓ алты жылға дейін

МИКРОКРЕДИТЫ

✓ для пенсионеров (до 78 лет)
и работающих
✓ без залога ✓ до шести лет

ТЕЗ ЖӘНЕ ЫҒАЙЛЫ!

ПРОСТО, УДОБНО БЫСТРО!

Г. БАЛХАШ, УЛ. БАЙСЕЙТОВОЙ, Д. 8. МАГАЗИН «МАСТЕРСКАЯ ЧУДЕС»,
8 747 367 15 25, 8 (710 36) 4 87 28

2021 жылғы 03 наурыздағы микроқаржы ұйымының қызметін жүзеге асыру құқығын беретін №09.21.005 лицензиясы

НЕДВИЖИМОСТЬ ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда,
(город, пр.Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация,
отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки.
Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам.
Ждем Вас по адресу:
ул. Космонавтов, 5-107
Время работы:
с 10.00 час. до 19.00 час.
Выходной - Понедельник

Прием осуществляется строго по предварительной записи по телефону:
8-775-274-25-87 (Антоний)

Парикмахерская
Милолика

Ваша красота -
Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

Уважаемые жители города Приозерск!

Напоминаем, что точкой бесплатного распространения местной газеты «Приозерский вестник» является магазин №1 «Золушка», расположенный на территории центрального городского рынка.
Контактный телефон: 8-777-103-8589

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 18/714. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.